«12» тамыз 2022 жылғы №096
Грант беру жөніндегі Келісімшарттың № 4 Қосымшасы

# ҚОРЫТЫНДЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕСЕП

**Грант алушы:** «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі
**Грант тақырыбы:** «Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттар»
**Грант сомасы:** 24 733 904,00

## 1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

**1 міндет. Облыстық жобалық кеңсенің және 40 шағын грант беру жөніндегі қызметін ұйымдастыру**

**1 шара.** Облыстық жобалық кеңсенің қызметін қызметін құру, ұйымдастыру және жоба командасын жасақтау

«Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысы негізінде «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ қолдауымен «Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттар» жобасын жүзеге асырды.

Әлеуметтік жобаның мақсаты - Маңғыстау облысы аумағында әлеуметтік жобаларды акселерациялау бағдарламасы арқылы жастарды азаматтық бастамаларға тарту. Жобаның басты міндеті жастарды қолдау үшін әлеуметтік жобаларды, жергілікті қоғамдастықтардың, бастамашыл топтардың, жастар ұйымдарының, жастардың әлеуметтік проблемаларын шешуге бағытталған әлеуметтік жобаны іске асыруға арналған. Әлеуметтік жоба бойынша шағын грант ережесі, жасақталып бекітілді. Ереже бойынша жастар ұсынған жоба жастарды қолдау үшін әлеуметтік жобаларды, жергілікті қоғамдастықтардың, бастамашыл топтардың, жастар ұйымдарының, жастардың әлеуметтік проблемаларын шешуге бағытталуы тиіс.

Аталған жобаны іске асыру тамыз айынан басталып, қараша айына дейін жалғасты. Алдымен, келісім шартқа отырған сәттен бастап жобалық кеңсе құрылды. Құрамына 3 маман (жоба жетекшісі, есепші, баспасөз хатшы) кірді. Ақтау қаласы 6 шағын ауданда орналасқан «Жастар үйі» ғимаратынан арнайы кеңсе алынып, жобалық кеңсе жасақталды. Бірлестік тарапынан мамандарға материалдық-техникалық құралдар берілді. Сонымен қоса, шағын грант жеңімпаздары үшін қаржылық, шығармашалық есептерді тапсыру барысында қиындық болмауы үшін арнайы компьютер мен принтер берілді. Кез келген шағын грант жеңімпазы өз уақытында келіп, құжаттарын рәсімдеп ұсынды.

Жобалық кеңсенің жұмыс жоспары жасақталды. Жоба аясында атқарылған жұмыстар бірлестіктің әлеуметтік желі парақшаларында тұрақты түрде жарияланып отырды.

Жоба командасы шағын грант жеңімпаздарымен байланысу үшін арнайы чат ашып, жоба барысында қойылған сұрақтарды уақытында жауап беріп отырды.

**Міндет 2. Колл-орталықтың және кері байланыс, қатысушылардың проблемаларды шешу тетігінің жұмысын ұйымдастыру (жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі ішінде).**

**1 шара.** Жобаға қатысушы жастардың проблемаларын шешу мақсатында колл-орталық жұмыс жасады. Алдымен, колл-орталықтың жұмыс жасау әдістемесі жасақталды. Дара кәсіпкермен келісе отырып 1 оператор бөлінді. Байланыс орталығының номері көрсетілген арнайы ақпарат, WhatsApp желісі бойынша арнайы чат, Telegram желісінде бот ашылды, желілерге жарияланды. Колл орталық операторының арнайы тіркеу журналы, жауап бойынша есебі жинақталды.

Облыс жастарының қатысу мүмкіндігін кеңейту, кері байланыс орнату және жастарды мазалаған сұрақтарға жауап беру мақсатында арнайы @GRANTS_MANGYSTAU_2022_bot телеграм-боты іске қосылды. Жастар үшін call-орталық үздіксіз жұмыс жасап 247 телефон қоңырауын қабылдап, 253 whatsapp хабарламасына жауап берілді. Барлығы 500-ден астам жасқа кеңес берілді.

**Міндет 3. Жастарға шағын гранттар беру бойынша жұмысты ұйымдастыру**

**1 шара.**Шағын гранттар беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу бағытында жұмыстар алдымен шағын грант ережесі жасақталды. Ереже, тапсырыс берушімен келісілді. Аталған жобаны жүргізуге ықпал ететін 15 мемлекеттік орган, ҮЕҰ-дармен меморандум жасақталды. Жастарға кеңес беру мақсатында журнал жасақталды. Жобаға өтінім қабылдау кезеңінен бастап 70-тен аса жасқа кеңес берілді.

Әлеуметтік жобаның жұмыс жоспарына сәйкес тамыз айының 23-жұлдызында Маңғыстау облыстық орталық коммуникация орталығында жобаның баспасөз брифингі өтті. Брифингке «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі төрағасы Н.Мағдатов қатысып, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді. Шағын гранттар байқауына жастардың өтінімдері 2022 жылдың 26 тамызынан бастап 9 қыркүйек аралығында қабылданды. Байқауға 18 бен 28 жас аралығындағы (қоса алғанда) Маңғыстау облысында тұратын (тіркелген) Қазақстан азаматтары, жастар, бастамашыл топтар, ҮЕҰ-дар қатысты.

Жастар өздерінің әлеуметтік жобасын grants.mangystau@gmail.com электронды почтасы арқылы қабылданды. Жобаларды конкурстық іріктеу екі негізгі кезеңде өтеді: 1) техникалық іріктеу; 2) конкурстық комиссияның шешімі. Өтінімдерді техникалық іріктеуді «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің қызметкерлері жүргізді.

Байқаудың өтінім қабылдау кезеңінде жастардан 175 өтінім түсті. Оның ішінде техникалық іріктеу кезеңінде 34 өтінім конкурс талаптарына, жас ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі, толық толтырылған жоба өтінімінің болмауы және т.б. себептермен қабылданбады. Техникалық іріктеу нәтижелері бойынша конкурстың негізгі талаптарына сәйкес келетін 141 өтінім қабылданды.

Конкурстық комиссия Шағын гранттар конкурсының жеңімпаздарын анықтады. Конкурстық комиссия мәслихат депутаттарынан, мемлекеттік органдардың өкілдерінен, қоғам қайраткерлерінен, кәсіпкерлерден, ҮЕҰ мен БАҚ өкілдерінен тұратын 15 адамнан құрылды. Конкурстық комиссия әрқайсысы 5 адамнан тұратын 3 шағын комиссияға бөлінді. Соның негізінде комиссияның әрбір мүшесі 47 жобаны қарастырды.

**Міндет 4. Шағын гранттарды жүзеге асыру.**

**1 шара.** Конкурстық комиссия мүшелерінің хаттамасы жарияланған сәттен бастап 40 шағын грант иегерімен келісім-шарт жасалды. Өз өтінімдеріне сәйкес 20 000 000 теңгеге құралдар мен қызметтер ақысы төленді.

Шағын грант қорытындысы бойынша Ақтау қаласының жастары 12 жоба, Жаңаөзен қаласы 4, Мұнайлы ауданы 6, Түпқараған ауданы 4, Қарақия ауданы 5, Маңғыстау ауданы 3, Бейнеу ауданы жастары 6 жобаны жүзеге асырды. Сонымен қоса, 6 үкіметтік емес ұйым шағын грант жеңімпазы атанды.

Әлеуметтік жобаларды іске асыру, ілгерілету және дамыту жөніндегі білікті жаттықтырушыларды, менторларды, психологтар мен мамандарды шақыра отырып, жобаларды іске асыру кезеңі ішінде жастарға заңгерлік және консультациялық (менторлық) қолдау көрсету мақсатында қоғамдық негізде ақысыз 5 маман шақырылды. Мамандар шағын грант жеңімпаздарына жоба ішінде өз кеңестерін берді.

**2 шара.** Маңғыстау облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысымен, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ қолдауымен «Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттар» жобасы аясында қазан айының 19-жұлдызында Ақтау қаласы, жастар үйінде грант жеңімпаздарының қатысуымен «Өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту және әлеуметтік жобаны іске асыру бойынша оқыту семинары» өткізілді. Семинар бағдарламасы әлеуметтік жобаны іске асыру, қаржылық сауаттылық, жобаны ақпараттық сүйемелдеу бағытында жүргізілді. Сонымен қоса, қараша айының 20-жұлдызында zoom байланыс арқылы «SMM» тақырыбында онлайн оқыту өткізілді.

**3 шара.** Шағын грант алушылар мен олардың жобалары туралы деректер базасы жасақталды, интерактивті дашборд құрылды.Растайтын құжаттары бар шығармашалық, қаржылық, қорытынды есептер жинақталды, тапсырылды.

**Міндет 5. Жобаларды іске асыру мониторингін ұйымдастыру**

**1 шара.** Жергілікті жерлерде шағын гранттардың нақты іске асырылуын тексеру, жобаның мәлімделген мақсаттары мен жоспарына, сондай-ақ сатып алынған жабдықтар мен тауарларға сәйкестігін салыстыру мақсатында Маңғыстау облысында облыстық мәслихат депутаттарының, ЖРО қызметкерлерінің, менторлардың, қоғамдық ұйымдардың және өңірлік жобалау кеңсесінің қызметкерлерінің қатарынан 8 адамнан тұратын мониторингтік топ құрылды. Мониторинг ағымдағы жылғы 11 қараша мен 18 қараша аралығында өтті.

Мониторинг жүргізер алдында өңірлік жобалау кеңсесі аудандарды, елді мекендерді және шығу күндерін (маршруттық парақ) көрсете отырып, мониторинг жүргізу кестесін жасады және мониторинг тобының мүшелерімен келісілді. Барлығы 2 қала және шағын гранттар іске асырылаты облыстың 5 аудан болды.

Мониторингті тиімді жүргізу үшін мониторинг жүргізу қағидалары туралы нұсқаулық әзірленді, ал мониторинг жүргізуді бастамас бұрын мониторинг тобының мүшелерімен оны жүргізуге қойылатын негізгі талаптар бойынша нұсқаулық, шағын гранттардың жоспарларымен және бюджеттерімен танысу жүргізілді.

Шағын грант алушылар жобаларының алдағы мониторингі туралы хабардар етілді, мониторингті жалпы WhatsApp тобы арқылы өткізу күні туралы хабардар етілді. Мониторинг жүргізу барысында Өңірлік жобалық кеңсенің Instagram аккаунттарында жарияланды.

Мониторинг барысында әрбір жобада жобаны іске асыруға арналған үй-жайлар, оның жай-күйі, нақты және мәлімделген мекенжайдың, квадратураның көрсетілген мекенжайға сәйкестігі, сатып алынған жабдықтың, шикізат пен тауарлардың болуы, олардың жүкқұжаттарға сәйкестігі және т.б. тексерілді. Әрбір жоба бойынша мониторингтік топ мүшелері мен жобаларға қатысушылар танысқан фотосуреті бар мониторингтік парақ толтырылды.

Мониторингтік топтың жұмысын талдай отырып, айқын бұзушылықтар мен проблемалар анықталмады деп айтуға болады, мониторингтік топтың мүшелері әлеуметтік желілердегі беттерді жандандыру бойынша ұсыныстар берді, кейбір жобаларда белгілер жоқ, бенефициарлардың тізімдері дұрыс ресімделмеген. Қызмет алушылардың жоспарланған санын қамтуға әлі үлгермеген және жобаларды іске асыруда соңына дейін жұмыс істемейтін жобаларға жұмысты күшейту, ЖРО-ға және менторларға көмек сұрап жүгіну ұсынылды, бюджеттерді қайта қарау туралы ұсыныстар берілді.

Қосымша мониторинг ретінде әрбір шағын гранттың әлеуметтік желілердегі аккаунттарына мониторинг жүргізілді. Instagram және Facebook-те барлық 40 грант алушы аккаунт ашты. Олар өз жобаларына сәйкес өз беттерін белсенді түрде енгізеді күнделікті постерлер, өткізілген іс-шаралар, менторлармен кездесулер, олардың жобалары туралы БАҚ жариялау (газет экрандары, теледидар), мақсатты топпен фотосуреттер мен бейнематериалдар, рилс, пайдалы посттар.

Орташа алғанда, әр қатысушының 7 және одан жоғары жарияланымдары бар. Көру саны бойынша 200-ден 3000-ға дейін.

**Міндет 6. Шағын гранттар бойынша үздік әлеуметтік жобалар форумын өткізу**

**1 шара.** «Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттар» жобасының қатысушыларының кіші жобаларын қорытындылау мақсатындағы қараша айының 25-жұлдызында Ақтау қаласында «Үздік әлеуметтік жобалар форумы» өтті.Форум жобаны іске асыру нәтижелерін шығару, үздік жастар жобаларын анықтау, жұртшылыққа жобаны өңірде іске асыру нәтижелерін көрсету мақсатында өтті. Форумға депутаттар, жергілікті атқарушы орган өкілдері, қоғамдық ұйымдар, БАҚ өкілдері және шағын грант иегерлері қатысты.

«Үздік әлеуметтік жобалар форумы» екі кезеңнен тұрды. Алдымен, жоба аясында іске асқан 40 әлеуметтік кіші жобалардың жобалардың көрмесі өтті. Мұнда жобаға қатысушылардың бастамалары мен нәтижелерінен экспозициялар ұсынылды.

Екінші кезең «Инновациялық көшбасшылық» тақырыбында көрініс тапты. Мұнда әртүрлі квазимемлекеттік секторға жататын ұйымдардың және жобаларының таныстырылымы өтті. Таныстырылымда «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бас директоры А.Адиева, Елбасы Академиясы коорпаративтік қорының басқарма директоры М.Жұманбай, CAYLA-Орта Азияның көшбасшы жастары академиясының жоба менеджері Баян Набиева және Маңғыстау облысының «Азаматтық Альянс» заңды тұлғалар бірлестігі төрайымы Ж.Ахметова ҮЕҰ-ға арналған жобалар туралы сөз сөйледі.

Форумда Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Ұлықбек Тналиев жоба қатысушыларына алғыс айтып, әрі қарайғы істеріне сәттілік тіледі. Форум барысында бірқатар шағын грант иегерлеріне Маңғыстау облысы әкімі орынбасарының Алғысы табысталды. Мүдделі тараптардың жобаларды одан әрі қолдауы туралы келісімдер жасасу мақсатында 5 жоба өз өтінімдерін толтыруды бастады.

**Міндет 7. Жобаны іске асыруда ақпараттық сүйемелдеу**

**1 шара.**Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысымен, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» қолдауымен «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі «Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттар» әлеуметтік жобасы аясында ақпараттық жұмыстарды сәтті жүзеге асырды.

Жобаны ақпараттандыру аясында бұқаралық ақпарат құралдарына 127 материал жарияланып, 8 офлайн кездесу, 3 онлайн тікелей эфирлер өткізілді. Ақпараттық кездесулерде 546 өңір тұрғындары қамтылды.

Жобаға қатысушы жастарды шақыру мақсатында 2 әлеуметтік бейнеролик түсіріліп, жарияланды. Жоба аясында әлеуметтік желілерде 50-ден астам ақпарат, жарияланымдар жарияланды. 200-ден астам ақапараттық бетшелер таратылды, ақпараттық қамту 1000.

**Кестені толтырыңыз және жоспарланған нәтижелердің нәтижелерге сәйкестігін сипаттаңыз**

| | |
|---|---|
| **Жоба мақсаты:** | Маңғыстау облысы аумағында әлеуметтік жобаларды акселерациялау бағдарламасы арқылы жастарды азаматтық бастамаларға тарту. Жобаның басты міндеті жастарды қолдау үшін әлеуметтік жобаларды, жергілікті қоғамдастықтардың, бастамашыл топтардың, жастар ұйымдарының, жастардың әлеуметтік проблемаларын шешуге бағытталған әлеуметтік жобаны іске асыруға арналған. |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | 1. 500 000 теңгеге дейінгі сомаға 40 шағын грантты беруге шарттар жасасу.<br>Жалпы (тікелей) қамту – 40 адам. (шағын грант алушылар).<br>Ақпараттық қамту – 1000 астам адам.<br>Ақпараттық кездесу барысында жастарды түсіндіру кездесулерімен қамту – кемінде 546 адам.<br>2. Жобаға қатысушылардың онлайн және офлайн оқытудан өтуі.<br>3. Жобаға қатысушыларға тәлімгерлік және консультативтік қолдау көрсету үшін кемінде 5 консультанттарды тарту.<br>4. Жобаны өңірде одан әрі іске асыру үшін бағдарламалық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және апробациялау.<br>5. Жоба түлектерінің пулын дайындау және оқыту.<br>6. Маңғыстау облысында жастардың, оның ішінде халықтың осал топтарының өкілдерінің өзара іс-қимылы және оқыту бойынша мамандардың кәсіби желісін қалыптастыру.<br>7. Облыстық озық тәжірибелер мен идеялар форумын өткізу |

| Міндеті | Міндет аясындағы шаралар | Қысқа мерзімде қол жеткізілген нәтижелер (іс-шараларға) | Сандық және сапалық индикаторлар | Индикаторлар | | Тиімділік |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жоспар | факт | |
| 1 міндет. Облыстық жобалық кеңсенің және 40 шағын грант беру жөніндегі қызметін ұйымдастыру | Облыстық жобалық кеңсенің қызметін құру, ұйымдастыру және жоба командасын жасақтау | Қысқа мерзімді нәтиже:<br><br>Гранттар беру рәсімдерінің барынша ашықтығын қамтамасыз ететін жобаны іске асыру және техникалық сүйемелдеу үшін негізгі бағдарламалық құжаттар әзірленді;<br><br>Кеңседен ақпарат алу, сондай-ақ шағын гранттарды кейіннен іске асыру үшін шағын гранттар конкурсының әлеуетті қатысушыларын | Облыстық жобалық кеңсені құру<br><br>Қызметкерлер саны<br><br>Жобалық кеңсенің жұмыс жоспарын жасау<br><br>Облыстық жобалық кеңсесінің ашылуын әлеуметтік желілерде жариялау | 1<br><br>Кем дегенде 3 маман<br><br>1<br><br>2 | 1<br><br>3 маман тартылды<br><br>1 жоспар жасалды<br><br>2 ақпарат жарияланды | Өңірлік жобалық кеңсе конкурстық өтінімдерді беру кезеңінде Жобаның әлеуетті қатысушыларына атаулы көмек көрсетті, бұл өтінімдердің көп болуына ықпал етті (175 өтінім).<br><br>Шағын гранттарды жүзеге асыру барысында жобалық кеңсе жобаны іске асырушылармен бірге болды, бұл жобаның сапалы жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге және барлық 40 жобаны сәтті аяқтауға мүмкіндік берді. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ың қолжетімділігі қамтамасыз етілді. | | | | |
| Міндет 2. Колл-орталықтың және кері байланыс, қатысушылардың проблемаларды шешу тетігінің жұмысын ұйымдастыру (жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі ішінде). | Колл - орталығы мен кері байланыс және проблемаларды шешу механизмінің жұмысы<br><br>Негізгі міндеттерді көрсете отырып, колл-орталықтың жұмыс кестесін жасау<br><br>Қоңырауларды байланыс орталығының операторы өңдейді<br><br>Сұраулар бірыңғай қоңырау сценариймен өңделеді.<br><br>Қоңыраулар журналын жүргізу | Қысқа мерзімді нәтиже: қатысушылар мен мүдделі тұлғаларға ақпараттық және консультативтік қолдау көрсетілді. | Колл-орталық нөмірінің болуы<br><br>Байланыс орталығының кестесі<br><br>Операторлар саны<br><br>Қоңырау сценарийлері<br><br>Қоңырауларды тіркеу журналы<br><br>Қоңыраулар саны<br><br>Қанағаттану деңгейі | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>Кем дегенде 500 қоңырау<br><br>Кем дегенде 80% | 1 байланыс номері<br><br>1 кесте<br><br>1 оператор<br><br>1 сценарий<br><br>1 тіркеу журанлы<br><br>500-ден астам қоңырау<br><br>Қанағаттану деңгейі 80% | Call-орталықтың жұмысы Жобаға қатысушылардың да, басқа тұлғалардың да сұрауларына жедел жауап беруді қамтамасыз етті, бұл Жобаға сенім деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.<br><br>Қатысушыларға Жоба туралы барлық ресми ақпарат, атап айтқанда қатысу шарттары мен рәсімдері туралы уақтылы берілді. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Міндет 3. Жастарға шағын гранттар беру бойынша жұмысты ұйымдастыру | Шағын гранттар беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу<br><br>Конкурс туралы ережені және іріктеу критерийлерін әзірлеу және бекіту<br><br>Әлеуметтік жоба бойынша шағын гранттарды іске асыру жөніндегі конкурстың ережесін әзірлеу үшін мүдделі мемлекеттік құрылымдармен және басқа да ұйымдармен меморандум жасасу.<br><br>Шағын гранттар алуға үміткер жастар үшін консультациялар көрсету | Қысқа мерзімді нәтиже:<br><br>гранттық конкурсты ашық және сапалы іріктеу | Конкурс туралы хабарландырудың (посттардың)болуы<br><br>Іріктеу критерийлерімен конкурс туралы әзірленген және келісілген ереже<br><br>Меморандумдар<br><br>Кеңес беру журналы<br>Гранттық конкурсқа қатысу бойынша консультациялар саны<br><br>Конкурстық комиссия мүшелерінің тізімі<br><br>Конкурстық комиссия мүшелерінің саны | 2 (1 қазақ тілінде, 1 орыс тілінде)<br><br>2 (1 қазақ тілінде, 1 орыс тілінде)<br><br>15<br><br>1<br><br>70<br><br>1<br><br>15<br><br>2 | Хабарландыру 2 (1 қазақ тілінде, 1 орыс тілінде) жарияланды<br><br>Ереже 2 (1 қазақ тілінде, 1 орыс тілінде) жарияланды<br><br>15 жасақталды<br><br>1 кеңес беру журналы<br><br>70 кеңес берілді<br><br>1 комиссия құрылды<br><br>Құрамы 15<br><br>2 хаттама | Шағын гранттар конкурсы жастарды, әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге тартуға мүмкіндік берді. Сатып алынған материалдық-техникалық базаны пайдалана отырып, жастарға болашақта өз әлеуметтік жобасын құруға мүмкіндік берді. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Конкурстық комиссияның құрамын қалыптастыру<br><br>Конкурстық комиссияның отырыстарын өткізу және шағын гранттардың жеңімпаздарын айқындау | | Конкурс нәтижелері бойынша хаттама (2 кезең)<br><br>Өтінімдердің болуы<br><br>Жеңімпаздар саны | 150<br><br>40 | 175 өтінім түсті<br><br>40 шағын грант анықталды | |
| Міндет 4. Шағын гранттарды жүзеге асыру. | Кемінде 40 әлеуметтік жобаны іске асыру үшін грант алушы әрбір шағын грант иегерімен, жастар ұйымдарымен, бастамашыл топтармен шартқа қол қояды.<br><br>Әлеуметтік жобаларды іске асыру, ілгерілету және дамыту жөніндегі білікті жаттықтырушыла | Қысқа мерзімді нәтиже:<br><br>шағын гранттар алушылар ұсынған төлем шоттарының негізінде жабдықтаушыларға жабдықтарды, тауарлар мен қызметтерді жеткізуге ақы төлеу жолымен қаржы | Шағын грант иелерімен шарт жасасу<br><br>Әлеуметтік жобаларды қаржыландыру<br><br>Бір шағын грантты қаржыландыру<br><br>Менторлардың консультациялық көмек көрсетуі<br><br>Білікті жаттықтырушылар ды, менторларды, | 40<br><br>40<br><br>500 000 мың теңгеден<br><br>Кем дегенде 100 кеңес | 40 келісім-шарт жасалды<br><br>40 жоба қаржыландырылды<br><br>500 000 мың теңгеден<br><br>100 жасқа кеңес берілді | 40 шағын грантты іске асыру нәтижесінде халықтың әртүрлі топтарынан 1000 адам қамтылды.<br><br>Мақсатты топтар үшін әртүрлі форматтағы 150-ден астам іс-шара өткізілді.<br><br>Бұқаралық ақпарат құралдарында (теледидар, газеттер, әлеуметтік желілер) шағын гранттарды жүзеге асыру бойынша 127 ақпараттық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | рды, менторларды, психологтар мен мамандарды шақыра отырып, жобаларды іске асыру кезеңі ішінде жастарға заңгерлік және консультациялық (менторлық) қолдау көрсету (қоғамдық негізде ақысыз)<br><br>Оқыту тренингтерін ұйымдастыру және өткізу.<br><br>Өмірлік маңызы бар дағдыларды, жұмысқа орналасу дағдыларын және т. б. дамыту бойынша онлайн және оффлайн оқыту тренингтерін өткізу | қаражатын бөлу.<br><br>Қысқа мерзімді нәтиже:<br><br>қатысушылар кәсіби тәлімгерлердің (консультанттар дың) қолдауымен өз мүмкіндіктерін жақсартады.<br><br>Қысқа мерзімді нәтиже:<br><br>қатысушылар әлеуметтік жобаларды іске асыру, ілгерілету және дамыту бойынша онлайн оқудан өтеді, кәсіби жаттықтырушыл ардың | психологтар мен мамандарды тарту<br><br>Онлайн оқыту өткізу<br><br>Оқыту бағдарламасы<br><br>Жаттықтырушылар дың түйіндемесі<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Жаттықтырушылар ды тарту<br><br>Фотоматериал | 5 маман (қоғамдық негізде ақысыз)<br><br>2 семинар<br>4 (2 қазақ тілінде 2 орыс тілінде)<br><br>4 (2 қазақ тілінде 2 орыс тілінде)<br><br>Кем дегенде 5<br><br>Кем дегенде 40 қатысушы<br>Кем дегенде 5<br><br>20 | 5 маман (қоғамдық негізде ақысыз) қызмет етті<br><br>2 семинар өткізілді<br><br>4 бағдарлама жасақталды<br><br>5 маман шақыртылды<br><br>40 қатысушы қатысты<br><br>5 мақала жарияланды<br><br>20 | материал жарияланды.<br><br>Грант алушылардан басқа, 15 адам қызметкер ретінде тартылды (келісім-шарт арқылы).<br><br>Әлеуметтік жоба аясында 2 оқыту семинары өткізілді. 40 жеңімпаз қатысып, өз біліктіліктерін арттырды. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Шағын гранттар алушылар мен олардың жобалары туралы деректер банкін құру<br><br>Интерактивті дашборд құру<br><br>Растайтын құжаттары бар шағын жобаларды іске асыру туралы шығармашылық есепті қалыптастыру | қолдауымен өз мүмкіндіктерін жақсартады. | Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі посттар<br><br>Pretest<br>Post-test<br><br>Деректер банкі<br><br>Дашборд<br><br>Шығармашылық есеп<br><br>Ұсынымдар | Кем дегенде 3 пост<br><br>1<br>1<br><br>40 жоба<br><br>Кем дегенде 1<br><br>1<br><br>Кем дегенде 5 | 3 пост<br><br>1<br>1<br><br>40 жобадан құралған 1 деректер базасі жасақталды<br><br>1 дашборд жасақталды<br><br>40 шығармашылық, қорытынды, қаржылық есеп тапсырылды<br><br>5 ұсыным жолданды | |
| Міндет 5. Жобаларды іске асыру мониторингін | Мониторинг тобын құру (мемлекеттік органдардың, | Қысқа мерзімді нәтиже: шағын гранттарға | Мониторинг тобының тізімі<br><br>Әлеуметтік | 1<br><br>1 | 1 топ құрылды<br><br>3 мақала | Жоба мониторингі шағын гранттардың іске асырылуын, атап айтқанда жобалық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ұйымдастыру | депутаттардың және т.б)<br><br>Мониторингтік топтардың жұмысын ұйымдастыру.<br><br>Мониторинг кестесін жасау.<br><br>Жоба сапасын бақылау және нәтижелерді бағалау үшін нұсқаулықтар мен бақылау парағын әзірлеу.<br><br>Сауалнама, фокус-топтар, телефон арқылы сауалнама жүргізу," Құпия сатып алушы", әлеуметтік мониторинг.желілер және т. б. | мониторинг жүргізілді. | желілерде және мессенджерлерде жариялау<br><br>Мониторингтік топ қатысушыларының шығу кестесі<br><br>Әлеуметтік жобалар мониторингінің нұсқаулығы<br><br>Фотоматериал<br><br>Мониторингтік топтың жұмысын талдау<br><br>Фокус-топ | <br><br>1<br><br>1<br><br>40<br><br>1<br><br>1 | жарияланды<br><br>1 кесте жасалды<br><br>1 нұсқаулық дайындалды<br><br>40 жоба<br><br>1<br><br>1 | ұсынысқа сәйкес жобалардың іске асырылуын нақты тексеруге мүмкіндік берді.<br>Мониторинг шеңберінде жобалардың өз мақсаттары мен міндеттерін шынымен орындайтынын және халықтың мақсатты топтарын қамтитынын растайтын қажетті нақты деректер алынды.<br>Қатысушылар мониторингтік топ мүшелерінен жобаларды одан әрі іске асыру бойынша ұсыныстар алды. |
| Міндет 6. Шағын гранттар бойынша үздік әлеуметтік жобалар | Үздік тәжірибелер форумын ұйымдастыру және өткізу. | Қысқа мерзімді нәтиже: өңірде жобаның қорытындысы | Форум бағдарламасы<br><br>Форум тұжырымдамасы | 1<br><br>1 | 1 бағдарлама жасалды<br><br>1 тұжырымдама | Жергілікті қоғамдастыққа Жобаның нәтижелерін көрсету. Жобаның |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| форумын өткізу | Форум облыс орталығында өтеді.<br><br>Форум шеңберінде жобаларды іске асыруды таныстыру үшін үздік жобалар жәрмеңкесі, қатысушылар (шағын грант алушылар) мен шақырылған қонақтар арасында тәжірибе алмасу үшін Networking алаңы ұйымдастырылады.<br><br>Форумға жастарды және олардың жобаларын қолдау жөніндегі бағдарламаларды түсіндіру үшін жергілікті атқарушы органдардың | шығарылды | Форумға қатысушылар тізімі<br><br>Шақырылған қонақтар тізімі<br><br>Әлеуметтік жобаларды таныстыру<br><br>Тікелей қамту<br><br>Баспасөз хабарламасы<br><br>БАҚ-тағы мақалалар<br><br>Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі посттар<br><br>Мүдделі тараптардың жобаларды одан әрі | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>Кем дегенде 40<br><br>Кем дегенде 100 адам<br><br>2 ақпарат<br><br>3 пост<br><br>5 жоба<br><br>1 | жасалды<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>40 жоба таныстырылды<br><br>150 адам қатысты<br><br>2 ақпарат<br><br>3 пост<br><br>5 жоба<br><br>1 | көрнекілігін арттыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | өкілдері, сондай-ақ жобаларды одан әрі қолдау/қаржыландыру үшін әлеуетті донорлар/ демеушілер шақырылатын болады.<br>Форумды жариялау үшін БАҚ өкілдері шақырылады<br><br>Өңір жобаларының онлайн каталогын құру жоспарлануда | | қолдауы туралы келісімдер жасасу<br><br>Жобалардың Онлайн каталогы | | | |
| Міндет 7. Жобаны іске асыруда ақпараттық сүйемелдеу | Жобаның басталуын ақпараттық жариялау<br><br>Жобаға қатысудың негізгі шарттарын көрсете отырып, бейнероликтер жасау<br><br>Жобаны | Қысқа мерзімді нәтиже: қолжетімді ақпараттық портал арқылы жастарды, жастар ұйымдарын тарту бойынша атаулы жұмыс іске асырылды. | Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі посттар<br><br>Бейнероликтер саны<br><br>Жазылушылар<br><br>Дайджест (аккаунттардан жарияланған | 4<br><br>2 (қазақ тілінде - 1, орыс тілінде - 1) хронометраж 30 секунд<br><br>2000 | 100-ден астам ақпарат<br><br>2 (қазақ тілінде - 1, орыс тілінде - 1) хронометраж 30 секунд бейнеролик<br><br>2212 | Жобаның орындалу барысы туралы кең ақпараттық қамту.<br>Жобаны іске асырудың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ақпараттық жариялау үшін Instagram, Facebook әлеуметтік желілерінде бірлестік аккаунты арқылы жобаны іске асырудың барлық кезеңі ішінде контентпен (жобаны іске асыру туралы посттар, спикерлердің қатысуымен Instagram эфирлерін өткізу, жобаны ілгерілету бойынша таргеттелген жарнаманы ұйымдастыру) толтырылатын болады | | скриншоттар)<br><br>Жарияланымдар саны | 1<br><br>50-ден кем емес<br><br>8 кездесу<br><br>1 телеграм-бот<br><br>Кем дегенде 200 дана | 1<br><br>100-ден астам<br><br>8 кездесу<br><br>1 телеграм-бот<br><br>200 дана буклет таратылды | |

**Жобаның әлеуметтік және экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | Индикатор | Өлшем бірлігі | Жоспарланып отырған деңгей | Нақты деңгей |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тікелей бенефициарлар саны, оның ішінде: | адам | 40 | 40 |
| | халықтың әлеуметтік осал топтарынан | адам | 13 | 17 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Жанама бенефициарлар саны (БАҚ-та жариялау есебінен) | адам | 1000 | 1000 |
| 3. | Штаттық қызметкерлердің саны | адам | 3 | 3 |
| 4. | Тартылған мамандар саны, оның ішінде: | адам | 5 (қоғамдық негізде) | 5 (қоғамдық негізде) |
| | халықтың әлеуметтік осал топтарынан | адам | 0 | 0 |
| 5. | Қамтылған ҮЕҰ саны | Ұйым | 6 | 6 |
| 6. | Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры | теңге | 2 939 904,00 | 1 641 918,00 |
| 7. | Салықтар (ӘС, ӘА, МӘМС (штаттық қызметкерлердің ғана)) | теңге | 1 199 904,00 | 186 523,00 |
| 8. | Экономикаға қосқан үлес (тауарлар мен қызметтерді сатып алу | теңге | 20 614 192,00 | 22 905 463,00 |
| 9. | Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және / немесе жеке тұлғалар) | ұйым/адам | 15 | 15 |

**Жоба бойынша жоспардан ауытқу негіздемелерін сипаттаңыз:** «Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттар» жобасын іске асыру кезеңінде жоспардан ауытқу болмады.

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):**

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысымен, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» қолдауымен «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі «Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттар» әлеуметтік жобасын 2022 жылы жүзеге асырды. Жоба шеңберінде 500 000 мың теңгеден 40 грант беру жұмыстары жүргізілді.

Әлеуметтік жобаның мақсаты - Маңғыстау облысы аумағында әлеуметтік жобаларды акселерациялау бағдарламасы арқылы жастарды азаматтық бастамаларға тарту. Жобаның басты міндеті жастарды қолдау үшін әлеуметтік жобаларды, жергілікті қоғамдастықтардың, бастамашыл топтардың, жастар ұйымдарының, жастардың әлеуметтік проблемаларын шешуге бағытталған әлеуметтік жобаны іске асыруға арналған. Әлеуметтік жоба бойынша шағын грант ережесі, жасақталып бекітілді. Ереже бойынша жастар ұсынған жоба жастарды қолдау үшін әлеуметтік жобаларды, жергілікті қоғамдастықтардың, бастамашыл топтардың, жастар ұйымдарының, жастардың әлеуметтік проблемаларын шешуге бағытталуы тиіс.

Жоба аясында Үздік тәжірибелер форумы шеңберінде жоба қорытындысы бойынша іске асырылған Жастар гранттарының қатарынан кемінде 5 жобаны қаржыландыруды жалғастыру үшін өңірдің басқа мүдделі ұйымдарымен уағдаластық жасасу жоспарланған болатын. Аталған жұмыстарды жүргізу бағытында «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды қолдау қоры, «Елбасы академиясы» секілді қорлар форумға қатысып, әлеуметтік жобалармен танысты. Өз тараптары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қоса,

бірлестік коммерциялық тұрақтылыққа шығу бойынша шағын гранттардың барлық алушылары үшін құқықтық, әдістемелік көрсету жұмыстарын жүргізеді. Жоба түлектерінің базасы жасақталды.

**3. Әлеуметтік жобаны аяқтау және/немесе іске асыру барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу**

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысымен, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» қолдауымен «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі «Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттар» әлеуметтік жобасын жүзеге асырды. Жоба шеңберінде облыс жастарынан 175 өтінім түсіп, 40 жас жеңімпаз атанды. Аталған жобалар шеңберінде төмендегі шағын гранттар үздік жобалар деп танылды.

***Жоба атауы: «Мүгедектігі бар қыздарға арналған жеке өмір мектебі», жоба авторы Қаражігітова Жайнагүл Төлепқызы.*** «Мүгедектігі бар қыздарға арналған жеке өмір мектебі» жобасы мүмкіндігі шектеулі жастарды қоғамға ықпалдастыруға, өңірде инклюзивті қоғам құруға бағытталған. Мұнда оларға мүгедектікке қатысты қорқыныш пен қауіпсіздікті жеңуге көмек көрсетіледі, өзін-өзі бағалауды жоғарылату мен өз өмірін жоспарлау және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілді. Жоба аясында мүгедектігі бар қыз балаларды бір ортаға тоғыстырып, оларды психологпен жұмыс жасату арқылы психологиялық семинар-тренингтер өткізілді. Қоғамға бейімделу үшін арнайы 3 шеберлік сабақтары өткізілді. Өздері сияқты қыз балалармен ортада тіл табысуға үйрете отырып, оларға жеке өмірге қатысты тренингтер ұйымдастырылды.

***Жоба атауы: «Әнші дауысы», жоба авторы Әділбеков Асқар Бахадүрұлы***

Жоба осал топтағы ауыл балаларын өнерге тарту және талантты балаларды анықтауды көздейді. Жоба аясында баланы әсемдік әлеміне дыбыс арқылы жетелей отырып, сұлулық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіруді, қоршаған дүниенің шындығын көркем құралдар арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Жоба барысында топ қатысушылары әр түрлі байқауларға, мерекелік шараларға қатысып, өзін жаңа қырынан көрсетуге мүмкіндік алды. Үйірме аптасына 2 рет жұмыс жүргізді. Жоба соңында оқушы балалар арасынан «Әнші дауысы» ән байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты өзара сайысу арқылы өз қабілеттерін одан әрі шыңдау болып табылады. Аталмыш жобадан жетімдер, аз қамтылған отбасы балалары, әсіресе мектеп жасындағы оқушылар пайда алды.

**4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісіндегі статистикалық ақпарат (аралық бағдарламалық есепті ұсыну сәтінде):**

**Гендерлік көрсеткіш:**

| Барлық қатысушылар саны | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 40 | 15 | 19 |

**Санаттар бойынша әлеуметтік мәртебе:**

| Бүкіл жобаға қатысушылар саны | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметшілер | Бюджеттік ұйым жұмысшылары | Мүгедектер | Жасы үлкен адамдар (50 жастан және одан жоғары), оның ішінде: | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 40 | | 34 | | | | | | 6 | | |

**Жас көрсеткіші:**

| Бүкіл жобаға қатысушылар саны | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 40 | | 6 | 28 | | 6 | | |

**5. Әлеуметтік жоба нәтижесі**

- *көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері (сандық көрсеткіштерді, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):*

Жастардың 40 әлеуметтік бастамасын іске асыруға 500 000 теңге сомасында қаржы бөлінді, оның ішінде 40 жоба жастардың әлеуметтік мәселесін шешуге бағытталған. 40 шағын грантты іске асыру нәтижесінде халықтың әртүрлі топтарынан 1000 адам қамтылды. Мақсатты топтар үшін әртүрлі форматтағы 150-ден астам іс-шара өткізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында (теледидар, газеттер, әлеуметтік желілер) шағын гранттарды жүзеге асыру бойынша 127 ақпараттық материал жарияланды. Грант алушылардан басқа, 15 адам қызметкер ретінде тартылды (келісім-шарт арқылы).

Оқу сабақтарының шеңберінде шағын грант иегерлері:

- жобалық тәсіл және жобаны жүзеге асыруды жоспарлау дағдыларын меңгерді;
- іс-шараларды ұйымдастыру және мақсатты топпен өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыра алды;
- кәсіби желіні дамыту мүмкіндіктері зерттелді;
- жұмыс іздеу кезіндегі басымдықтарын білді;
- бос лауазымға жауап ретінде бос жұмыс орны туралы хабарландыру және олардың түйіндемесін құрастырды;
- әңгімелесу процесімен және тәжірибесімен танысты;

- жұмыс тобында қандай үміттер болуы мүмкін екенін және бұл жұмысқа қанағаттануға қалай әсер ететінін түсіну;
- күйзеліске қарсы тұруды үйренді;
- олардың құндылықтарын бағалау құралдарын зерттеді;
- өмірдің жеке және кәсіби салаларының даму деңгейін анықтауды үйренді;
- оқу бағдарламасын аяқтағаннан кейінгі алғашқы қадамдарды жоспарлады.
- әлеуметтік жоба жазу, бюджет, жобаны жүргізу туралы меңгерді.

- *жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған қандай да бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):*

40 шағын грант иегерлері шағын гранттар бойынша сатып алынған материалдық-техникалық базаны пайдалана отырып, іске асырылған жоба негізінде өз жобасын дамыту мүмкіндігіне ие болды, сондай-ақ өмірді сақтау және жұмысқа орналастыру дағдылары бойынша оқуды аяқтау негізінде одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндігіне және әлеуметтік жобв жазу, жобаны қорғау, бюджетпен жұмыс жасауды меңгерді. Шағын гранттармен қамтылған 1000-нан астам адам өзін-өзі жұмыспен қамту және жеке қасиеттерін дамыту, оның ішінде еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жаңа дағдылар мен білім алды.

- *әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы*

Жоба жастар үшін сұранысқа ие болады, өйткені Маңғыстау облысы халқының үштен бірін жастар құрайды, оның ішінде ?% NEET санатындағы жастар. Сонымен қатар, шағын грант иелері қазіргі экономикалық жағдайда тұрақты шағын жобаны жүзеге асыру үшін шағын гранттың көлемі өте аз екенін атап өтті. Шағын гранттарды қаржыландырудағы қиындықтарға қарамастан, барлық жобалар сәтті аяқталды. 20-дан астам жас шағын грант иегерлері жобаларын егжей-тегжейлі жалғастыруды жоспарлап отыр.

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (егер бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды жалғастыру қалай жоспарлануда?______________________________**

**<u>Әлеуметтік жобаның серіктестері</u>**
Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер жатпайды.

| Ұйым атауы /Серіктестіктің | Жобадағы орны | Ұйымның, серіктестіктің | Ескерту |
|---|---|---|---|

| Т.А.Ә. | | байланыс деректері | |
|---|---|---|---|
| Түпқараған аудандық жастар ресурстық орталығы | Түпқараған ауданында ақпараттық кездесулерді ұйымдастыруға ықпал етті. Кездесу ұйымдастырып, жастарға жоба туралы түсінік беруде серіктестік танытты.Жоба аясында меморандумға отырып, бірлесе қызметтер атқарды. | Түпқараған аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Бекшеева Гүлфара Ұлтанқызы Байланыс телефон: 87789474191 e-mail пошта: tajso-2012@mail.ru | - |
| Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығы | Маңғыстау ауданында ақпараттық кездесулерді ұйымдастыруға ықпал етті. Кездесу ұйымдастырып, жастарға жоба туралы түсінік беруде серіктестік танытты.Жоба аясында меморандумға отырып, бірлесе қызметтер атқарды. | Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығың басшысы Тұрашев Дастан Меделбайулы Байланыс телефон: 87785412569 e-mail пошта: zhastar-mangystau@mail.ru | - |
| Мұнайлы аудандық жастар ресурстық орталығы | Мұнайлы ауданында ақпараттық кездесулерді ұйымдастыруға ықпал етті. Кездесу ұйымдастырып, жастарға жоба туралы түсінік беруде серіктестік танытты.Жоба аясында меморандумға отырып, бірлесе қызметтер атқарды. | Мұнайлы аудандық жастар ресурстық орталығың басшысы Конысов Руслан Байланыс телефон: 87012548695 e-mail пошта: zhastar-munaily@mail.ru | - |
| Қаракия аудандық жастар ресурстық орталығы | Қаракия ауданында ақпараттық кездесулерді ұйымдастыруға ықпал етті. Кездесу ұйымдастырып, жастарға жоба туралы түсінік беруде | Қаракия аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Оразбек Әлібек Байланыс телефон: 87025412698 e-mail пошта: zhastar- | - |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | серіктестік танытты.Жоба аясында меморандумға отырып, бірлесе қызметтер атқарды. | karakya@mail.ru | |
| Жаңаөзен қалалық жастар ресурстық орталығы | Жаңаөзен қаласында ақпараттық кездесулерді ұйымдастыруға ықпал етті. Кездесу ұйымдастырып, жастарға жоба туралы түсінік беруде серіктестік танытты.Жоба аясында меморандумға отырып, бірлесе қызметтер атқарды. | Жаңаөзен қалалық жастар ресурстық орталығының басшысы Амантурлиева Жанар<br>Байланыс телефон: 87754123698<br>e-mail пошта: zhastar-zhanaozen@mail.ru | - |
| Бейнеу аудандық жастар ресурстық орталығы | Бейнеу ауданында ақпараттық кездесулерді ұйымдастыруға ықпал етті. Кездесу ұйымдастырып, жастарға жоба туралы түсінік беруде серіктестік танытты.Жоба аясында меморандумға отырып, бірлесе қызметтер атқарды. | Бейнеу аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Ғайыпбаев Саламат<br>Байланыс телефон: 87785412987<br>e-mail пошта: zhastar-beineu@mail.ru | - |
| Ақтау қалалық қоғамдық даму орталығы | Ақтау қаласында ақпараттық кездесулерді ұйымдастыруға ықпал етті. Кездесу ұйымдастырып, жастарға жоба туралы түсінік беруде серіктестік танытты.Жоба аясында меморандумға отырып, бірлесе қызметтер атқарды. | Ақтау қалалық қоғамдық даму орталығының басшысы Арықбан Гүлмира<br>Байланыс телефон: 87787541965<br>e-mail пошта: aktau.qogamdykdamu@mail.ru | - |
| Маңғыстау облыстық жастар ресурстық орталығы | Облыс көлемінде бірнеше ақпараттық кездесулерді ұйымдастыруға ықпал етті. Кездесу ұйымдастырып, жастарға, Үкіметтік емес | Маңғыстау облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы Фазылбек Абылай<br>Байланыс телефон: 87758425419<br>e-mail пошта: | - |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ұйымдарға жоба туралы түсінік беруде серіктестік танытты.Жоба аясында меморандумға отырып, бірлесе қызметтер атқарды. | Mangystau.zhastari@mail.ru | |
| Ізгі жүрек қоғамдық қоры | Жоба аясында қоғамдық қормен меморандумға отырып, арнайы кездесулер бірлесе ұйымдастырылды. Жобаға қатысуға үкіметтік емес ұйымдарды шақыру, оларға ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында кездесулер ұйымдастыруда серіктестік танытты. | Ізгі жүрек қоғамдық қорының директоры Сабанов Қуанышбек Байланыс телефон: 87085869521 e-mail пошта: izgi.zhurek@mail.ru | - |
| Parasat Pro қоғамдық қоры | Жоба аясында қоғамдық қормен меморандумға отырып, арнайы кездесулерді ұйымдастыруда ықпалдастық танытты. Жобаның ақпараттық кезеңінде бірлесе жұмыстар атқарды. | Parasat Pro қоғамдық қорының директоры Ізтұрғанов Ғазиз Байланыс телефон: 87088745961 e-mail пошта: Parasatpro@mail.ru | - |
| Бекен жастары жас көшбасшылар достастығы | Жоба аясында меморандум жасақталып, бастамашыл топтарға ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізуге, жобаға қатысуға шақыруға бірлесе жұмыстанып, кездесулер ұйымдастырды. | Бекен жастары жас көшбасшылар достастығының директоры Манарбек Ержан Байланыс телефон: 87012569845 e-mail пошта: bekenzhastari@mail.ru | - |
| Қазақ КВН одағы РЖҚБ | Жоба аясында меморандумға отырып, жастармен кездесу ұйымдастыруға, оларға | Қазақ КВН одағы РЖҚБ директоры Сағидуллин Нұрбол Байланыс телефон: 87758419658 | - |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | түсіндірме жұмыстарын жүргізуге ықпалдасты. | e-mail пошта: kvn.kazakh@mail.ru | |
| Маңғыстау жастары қоғамдық қоры | Қоғамдық қормен меморандумға отырып, жоба аясында облыс жастарымен бірнеше кездесулер ұйымдастыруда серіктестік танытты. Жобаның ақпараттық кезеңінде жастарға түсіндірме жұмыстарын жүргізуде бірлесе жұмыстар атқарды. | Маңғыстау жастары қоғамдық қорының директоры Шайденова Аружан<br>Байланыс телефон: 87758784536<br>e-mail пошта: zhastar-aktau@mail.ru | - |
| Jas Art жеке меншік мекемесі | Жоба аясында театр жастарына кездесулер ұйымдастырып, ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізуде ықпалдастық танытты. Жастарға жоба туралы түсінік беріп, жобаға қатысуға шақыруда серіктес ретінде жұмыстар атқарды. | Jas Art жеке меншік мекемесі директоры Әлия Исаева<br>Байланыс телефон: 87715486254<br>e-mail пошта: Jas-art@mail.ru | - |
| Қолдау орталығы жекеменшік мекеме | Жоба барысында меморандумға отырып, бірлесе жұмыстар атқарылды. Ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында бірлесе кездесу ұйымдастыруға ықпалдасты. | Қолдау орталығы жекеменшік мекемесінің директоры Елеусинова Милана<br>Байланыс телефон: 87785416985<br>e-mail пошта: qoldau.ortaligi@mail.ru | - |

**Осы әлеуметтік жобаның жалғасы болуы мүмкін болашақ әлеуметтік жобалар тақырыбына ұсыныстар:**

| № | Жоба атауы | Орындылығын негіздеу (проблеманы сипаттау) | Мақсат | Міндеттер | Қысқаша сипаттамасы | Қажетті сома | Іске асыру орны (жобаның | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(жобаның негізгі бағыттары)** | | **географиясы)** | |
| 1 | Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттар | Маңғыстау облысында шағын гранттарды іске асыру арқылы жастар арасындағы әлеуметтік мәселелерді шешу. | Әлеуметтік мәселелені шешу | Шағын гранттар беру | 40 шағын гранттар беру | 25 000 000 | Маңғыстау облысы | Әлеуметтік жобалар іске асырылады |
| (Сіз ұсынған грант тақырыбы сәйкес келетін грант беру бағытын таңдаңыз)<br>1) білім, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;<br>2) азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау;<br>3) қоршаған ортаны қорғау;<br>**4) жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау;**<br>5) демография мәселелерін шешу;<br>6) гендерлік мәселелерді шешу;<br>7) халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау;<br>8) жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету;<br>9) азаматтардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу;<br>10) азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;<br>11) мәдениет пен өнерді дамыту;<br>12) тарихи-мәдени мұраны қорғау;<br>13) Қоғамдық келісім мен ұлт бірлігін нығайту болып табылады;<br>13-1) есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметтеріне жәрдемдесу;<br>13-2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу | | | | | | | | |

**Мемлекеттік органдаға әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша <u>нақты практикалық ұсынымдарды</u> көрсетіңіз.**

| Мемлекеттік органдар | Ұсынымдар | Әзірленген ұсынымдарды жолдау туралы хаттың нөмірі мен күні ***(хаттардың көшірмелерін қосымшаларымен бірге осы есеппен ұсыну қажет)*** |
|---|---|---|
| Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы | Мониторингке қажетті әрбір қатысушының іс-әрекетін жазуды жеңілдететін гранттық бағдарлама бойынша барлық деректер | 114 шығыс хаты, 30.11.2022 жыл |

| | | |
|---|---|---|
| | қорытылатын электрондық CRM деректер базасының жұмысын құру. | |
| | Белгілі бір уақыттан кейін қаржыландыру аяқталғаннан кейін жобалардың тұрақтылығын анықтау үшін зерттеулер жүргізу. Тұрақтылықты тиімдірек бағалау үшін жобалардың тұрақтылығын бағалау әдістемесін де жетілдіру қажет. | |
| | Грант бағдарламасының барлық процестері мен процедураларын автоматтандыру – конкурстық өтінім беру мен жобаларды таңдаудан бастап есептерді ұсыну мен жобаларды бақылауға дейін. | |

**Есептегі беттердің жалпы саны: 25 бет**

**Басшының не оның орынбасарының лауазымы, Т. А. Ә,**

**Бірлестік төрағасы** **Н.С.Мағдатов**

Толтырынған күні 30.11.2022 жыл